

**Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 95 "Мұғалжар ауданы бойынша тіркелген салық мөлшерін белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017 жылғы 13 наурыздағы № 74 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 3 сәуірде № 5382 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 2018 жылғы 16 ақпандағы № 163 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мұғалжар аудандық мәслихатының 16.02.2018 № 163 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 422 бабына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 50 бабына сәйкес, Мұғалжар аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мұғалжар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қаңтардағы № 95 "Мұғалжар ауданы бойынша тіркелген салық мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-9-95 тіркелген, 2009 жылдың 23 наурызында аудандық "Мұғалжар" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспедегі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" деген сөздер "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың  
сессия төрағасы  
С.Ведюшкин*

*Аудандық мәслихаттың  
хатшысы  
Н.Қалиева*

Мұғалжар аудандық мәслихатының 2017  
жылғы 13 наурыздағы № 74 шешіміне  
қосымша

Аудандық мәслихаттың

## Тіркелген салық мөлшерлемелерінің мөлшері

№ р/н	Салық салынатын объектілер	Мөлшерлемелер (айлық есептік көрсеткіштерде)
1	Ойын өткізу үшін пайдалынатын дербес компьютер	1,0
2	Бильярд үстелі	7,0
3	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1,0
4	Ойын жолы	20,0
5	Карт	4,0
6	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	4,0

Ескерту: Тіркелген салықтық базалық мөлшерлемелерінің мөлшері бірлік аумағында бір айлық салық салу объектісіне белгіленді.